| | | | | ұстауды қоса алғанда күтіп ұстау жөніндегі жұмыстарды жүргізу және олардың қосалқы құрылыстарын, жолдарды жарықтандыруды, жұмылдыру резервтерін тексеру; 4) автомобиль жолдарын басқару, диагностика және аспаптық құралдармен тексеру, техникалық паспорттар мен өндірістік базаларға арналған тұрақты жер пайдалануға мемлекеттік актілерді ресімдеу, орман алқаптарын қоса алғандағы республикалық маңызы бар автомобиль жолдары. Жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының орындалу сапасын қамтамасыз ету үшін 329350 мың теңге сомасына 14 жол зертхананы сатып алу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *, 2006.12.12. N* 1196 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтижесі: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарына арналған жол-жөндеу жұмыстарын жүргізу, соның ішінде:
110 км автожолдарды және 9 көпірді күрделі жөндеу;
270 км жолды күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;
31 авариялық көпірді күрделі жөндеуге арналған жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;
құбырлар мен көпірлерді жөндеумен 2090 км орташа жөндеу;
жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының орындалу сапасын қамтамасыз ету үшін 14 жол зертхананы сатып алу.
Соңғы нәтижесі:
қауіпсіз және үздіксіз жүріп өтуді қамтамасыз ету;
жүктер мен жолаушыларды жеткізу мерзімдерін қысқарту;
көлік-құрамдас бөліктік шығындарды қысқарту;
110,75 км республикалық маңызы бар автомобиль жолдарындағы авариялық учаскелерді азайту;

9 дана мөлшерінде республикалық маңызы бар жолдарда авариялық көпірлердің санын қысқарту;
Республикалық маңызы бар жолдарды салу, қайта жаңарту және жөндеу бойынша жүргізілген жұмыстарды ескере отырып, жолдардың жылдың аяғындағы жай-күйі шамамен мыналарды құрайды:
жақсы жай-күйде - 3,65 мың км немесе 16 %;
қанағаттанарлық жай-күйде - 9,72 мың км немесе 42 %;
қанағаттандырғысыз жай-күйде - 9,63 мың км немесе 42 %.
Қаржы-экономикалық нәтиже: бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету мынадай жолдармен жүзеге асырылады:
күрделі және орташа жөндеу бойынша мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес конкурс өткізу;
қолданыстағы нормаларға сәйкес жолдарды жөндеу және күтіп ұстау сапасына бақылау жүргізу;
Уақтылығы: жасалған шарттардың талаптарына сәйкес қаржы жылының ішінде.
Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
160-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Су жолдарының кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау"
деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1553645 мың теңге (бір миллиард бес жүз елу үш миллион алты жүз қырық бес мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; "Қазақстан Республикасының мемлекеттік ішкі су жолдары туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 21 желтоқсандағы N 1429 қаулысы ; "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етудің кейбір мәселелері" туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі N 901 қаулысы ; "Су объектілерін кеме жүзетін су жолдары санатына жатқызу ережесін және кеме жүзуі үшін ашық кеме жүретін су жолдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 29 қаңтардағы N 105 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі су жолдарында кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : навигациялық құралдар және жабдықтар белгілерін қою және күтіп-ұстау арқылы кеме жүрісінің кепілдендірілген көлемдерін қамтамасыз ету; түбін тереңдету (жер қарпу), түзету және түбін тазарту жұмыстары, кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерді) қауіпсіз жұмыс жағдайында күтіп-ұстау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Су жолдарының кеме жүретін жағдайда болуын қамтамасыз ету және шлюздерді ұстау | Павлодар облысы: Ертіс өзенінің ұзақтығы 634 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 1400 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түбін тазалау жұмыстары - 5500 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 14 (бірлік); орташа жөндеу 4 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару. Шығыс Қазақстан облысы: Шығыс Қазақстан СЖК Ертіс өзенінің ұзақтығы 796 км учаскеле- | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | рінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 250 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; Ертіс және Қара Ертіс өзенінің ұзақтығы 315 км учаскесінде қалыптарды жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін күтіп ұстау және ағымдағы жөндеу; Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету және терророрға қарсы іс-шаралар жүргізу, соның ішінде КС-108 және 2 бірлік жол шебері катерлері негізінде спутниктік геодезиялық түсірулер жабдығын сатып алу; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 23 (бірлік); орташа жөндеу 3 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: сүйрегіш теплоход (1 бірлік); Семей СЖК: Ертіс өзенінің ұзақтығы 288 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 415 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету | | | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (жер қарпу) жөнінде жұмыстар; түзету жұмыстары 55 мың текше м.; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 18 (бірлік); орташа жөндеу 4 (бірлік); күрделі жөндеу 2 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару; мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: жабдықтау теплоходы (1 бірлік); карчекран жобасын әзірлеу (1 жиынтық); Батыс Қазақстан облысы: Жайық өзенінің ұзақтығы 623 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 240 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; түбін тазалау жұмыстары - 5200 т; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 22 (бірлік); орташа жөндеу 3 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару. Атырау облысы: Жайық өзенінің ұзақтығы 333 км учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 500 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жұмыстар; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 7 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару. Алматы облысы: Іле өзені мен Қапшағай су қоймасында 330 км учаскелерінде навига-циялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету; 18,2 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 4 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару. Қарағанды облысы: Балқаш өзенінде 978 км учаскелерінде навига-циялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету: флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 3 (бірлік); күрделі жөндеу 1 (бірлік); жағдайлық мүкәммал мен мүлікті жөндеу және шығару мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту, соның ішінде: жабдықтау теплоходы - 1 (бірлік) | | |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтиже:
ұзындығы 3982 км су жолдары учаскелерінде навигациялық жабдықтың белгілерін қою (алып тастау) және оларға қызмет көрсету;
2823,2 мың текше м. көлемінде түбін тереңдету (жер қарпу) жөніндегі жұмыстар; 55 мың текше м. көлемінде түзету жұмыстары; 10700 тонна көлемінде түбін тазалау

жұмыстары;
ұзындығы 315 км Ертіс және Қара Ертіс өзені учаскелерінде арналық жобалау-іздестіру жұмыстарын жүргізу;
Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерін ұстау және ағымдағы жөндеу;
Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету және терроризмге қарсы іс-шаралар жүргізу;
төтенше жағдайлардан кейін қалпына келтіру жұмыстары;
флотты жөндеу: ағымдағы жөндеу 91 (бірлік); орташа жөндеу 14 (бірлік); күрделі жөндеу 3 (бірлік);
активтерді сатып алу:
Өскемен, Бұқтырма және Шульба шлюздерінің авариясыз жұмысын қамтамасыз ету және терроризмге қарсы іс-шаралар жүргізу бойынша, соның ішінде:
спутниктік геодезиялық түсірулер үшін жабдықпен жарақтаумен КС-108 катерін (1 бірлік);
жол шебері катерін (2 бірлік);
мемлекеттік техникалық өзен флотын жаңарту және жаңғырту бойынша, соның ішінде:

сүйрегіш теплоход - 1 бірлік;
жабдықтау теплоходы - 2 бірлік;
карчекран жобасын әзірлеу - 1 жиынтық.
Соңғы нәтиже:
алдыңғы жылға қарағанда жүк айналымының және жолаушылар айналымының 5% өсуі ;
ішкі су жолдарын қанағаттанарлықсыз күтіп ұстау себебінен авариялық жағдайлардың саны.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
навигациялық жабдықтар белгілерін қою (алып тастау) және қызмет көрсету шығыны 1 км.-ге - 61 мың теңге.
Сапасы және уақтылығы:
кеме қатынасы су жолдарын қанағаттанарлықсыз күтіп ұстауға арыздардың болмауы;
кеме қатынасы су жолдарының қанағаттанарлықсыз жағдайы себебінен көліктік оқиғалардың болмауы.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
161-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 5264854 мың теңге (бес миллиард екі жүз алпыс төрт миллион сегіз жүз елу төрт мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Коры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша заем туралы" келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімге түзетуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы қосымша келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 637 қаулысы ; "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 483 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : әуежайлар инфрақұрылым объектілерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық талаптармен сәйкестікке келтіру үшін Қазақстан Республикасы әуежайларының жер үстіндегі инфрақұрылым объектілерін жаңғырту мен дамытуды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 006 | | Әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | Астана қаласындағы халықаралық әуежайды қайта жаңарту: ККАА/PCI консорциумының консалтингтік қызметтері;<br>Астана қаласындағы әуежайдың ғимаратын және оған іргелес Siemins-Marubeni-Laing -Alarko консорциумының құрылыстарын қайта жаңарту бойынша құрылыс жұмыстары. | 3 тоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |
| 3 | | 005 | Ішкі көздер есебінен жобаны іске асыру | Белгіленген тәртіппен бекітілген "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 9 желтоқсандағы N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес сомалар шегінде келесі инвестициялық жобаларды іске асыру, жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес мынадай іс-шаралар бойынша:<br>1) Ақтөбе қаласындағы халықаралық әуежайдың аэровокзалын қайта жаңарту Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің 2005 жылғы 1 шілдедегі N 186 ЖІЖ бұйрығы), соның ішінде:<br>жобалық-сметалық құжаттаманы мемлекеттік ведомстводан тыс | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | сараптауды әзірлеу мен жүргізу жөніндегі жұмыстарға байланысты шығындар; белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамада көзделген жұмыстарды жүргізуге байланысты шығындар. 2) Шымкент қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің жұмыс жобасын бекіту туралы 2005 жылғы 28 шілдедегі N 224 ЖІЖ бұйрығы), соның ішінде: жобалық-сметалық құжаттаманы мемлекеттік ведомстводан тыс сараптауды әзірлеу мен жүргізу жөніндегі жұмыстарға байланысты шығындар; белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамада көзделген жұмыстарды жүргізуге байланысты шығындар. 3) Павлодар қаласындағы әуежайдың ұшу-қону жолағын қайта жаңарту, (ТЭН-ге мемлекеттік сараптаманың 2005 жылғы 27 шілдедегі N 16-306/05 қорытындысы). Осы жобалар шеңберінде мынадай іс-шаралар жүргізіледі: жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу және мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау жүргізу; белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құжаттамада көзделген жұмыстарды жүргізу. | | |
| 4 | | 016 | Жобаны республикалық бюджеттен сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру есебінен іске асыру | Астана қаласындағы халықаралық әуежай құрылысының жобасы: BOTM комиссиясының төлемдерін өтеу. | 3 тоқсан | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтижесі: жұмыс кестесіне сәйкес Ақтөбе қаласы әуежайының аэровокзал кешенін қайта жаңарту - жалпы ауданы 7888 шаршы метр, соның ішінде қолданыстағы аэровокзал ауданы - 5000 шаршы метр және жаңадан жобаланған ауданы - 2888 шаршы метр; Шымкент қаласы әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңарту - ЖҰҚЖ ұзақтығы 3300 метр, жасанды жамылғылар ауданы 376901,7 шаршы метр.
Мемлекеттік ведомстводан тыс сараптамадан өткен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама; Павлодар облысы Павлодар қаласындағы әуежайдың ұзындығы 2500 м және ені 45 м, әуе кемесінің бұрылуы үшін 4 кеңейтушісі бар әуе кемелерінің қазіргі заманғы үлгілерін пайдалану үшін, рульдеу жолының ұзындығы - 209 м және ені - 18 м, перрон өлшемі - 198х134 м, мөлшері 168х132 м тұру орындары бар жасанды ұшу-қону жолағын қайта жаңарту жөніндегі жұмыстардың басталуы.
Соңғы нәтижесі: Қазақстанның транзит әлеуетін дамытуды қамтамасыз етуге, авиакомпаниялардың да және жолаушылардың да сапалы әуежайлық қызметтеріне өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыруға, әуежайлардың негізгі өндірістік қорларын қайта жаңарту есебінен ұшу қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті Қазақстан Республикасы азаматтық авиация әуежайларының желісін құру; Қазақстан Республикасының әуежайлары арқылы жолаушылар ағынын және жүк ағынын ұлғайту; отандық авиакомпаниялар орындайтын халықаралық та және ішкі де ұшулардың географиясын ұлғайту; Қазақстан Республикасы әуежайларындағы халықаралық нормаларға жауап беретін жердегі инфрақұрылым деңгейін арттыру.
Уақтылығы: жұмыстар жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.
Сапасы: құрылыс нормалары және ережелеріне (ҚНжЕ) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының нормаларына сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына
162-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Астана қаласында халықаралық әуежай құрылысына кредит беру" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 110537 мың теңге (бір жүз он миллион бес жүз отыз жеті мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы бойынша заем туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 19 мамырдағы Заңы ; "Астана қаласында халықаралық әуежайды қайта жаңарту" жобасын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 29 маусымдағы N 611 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мен Жапонияның Халықаралық экономикалық ынтымақтастық қоры арасындағы Астана қаласындағы әуежайды қайта жаңарту жобасы жөніндегі қарыз туралы келісімге түзетуге қатысты Қазақстан Республикасы мен Жапон Халықаралық Ынтымақтастық Банкі арасындағы қосымша келісім-хатқа қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 маусымдағы N 637 қаулысы ; "Астана халықаралық әуежайы" жабық акционерлік қоғамын дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 мамырдағы N 483 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Астана қаласы әуежайының инфрақұрылым объектілерін дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі халықаралық талаптармен сәйкестікке келтіру үшін Астана қаласы әуежайының жердегі инфрақұрылым объектілерін жаңғырту мен дамытуды жүзеге асыру.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 007 | | Астана қаласын-да халы-қаралық әуежай құры-лысына кредит беру | | | |
| 2 | | 004 | Сыртқы қарыздар есебінен жобаны іске асыру | ККАА/PCI консорциумы-ның консалтингтік қызметтері. Астана қаласындағы әуежайдың ғимаратын және оған іргелес 3 Siemins-Marubeni-Laing-Alarko консорциумының құры-лыстарын қайта жаңарту жөніндегі құрылыс жұ-мыстары (келісім-шарт құны көлемінің 20%). | 3 тоқсан | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтижесі: Астана қаласы әуежайының құрылысына арналған Келісім-шарт шарттарына сәйкес келісім-шарттық бағасынан 2,5% мөлшерінде ұсталынатын қаражатты төлеу.

Соңғы нәтижесі: авиакомпаниялардың да, жолаушылардың да сапалы әуежайлық қызметтерге өсіп отырған қажеттілігін қанағаттандыру, әуежайдың негізгі өндірістік қорларын қайта жаңарту мен жаңарту арқылы ұшу қауіпсіздігінің тиісті деңгейін қамтамасыз ету; жолаушылар ағыны мен жүк ағынын ұлғайту; халықаралық нормаларға жауап беретін жердегі инфрақұрылымның деңгейін арттыру.

Қаржы-экономикалық тиімділік: қазіргі күнгі негізгі өндірістік қуаттармен, ғимараттармен, құрылыстармен, техникалық жабдықпен қамтамасыз ету жолымен әуежайлар қызметінің тиімділігін арттыру; әуе көлігінің тұрақты жұмыс істеуі.

Уақтылығы: 3 тоқсан.

Сапасы: құрылыс нормативтері мен ережелеріне (ҚНжЕ) және Азаматтық авиацияның халықаралық ұйымы нормаларына сәйкес келеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
163-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялау" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 8862200 мың теңге (сегіз миллиард сегіз жүз алпыс екі миллион екі жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастарды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1185 қаулысы ; "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол тасымалдарына қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалдарын ұйымдастырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын жабу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Әлеуметтік маңызы бар облысаралық бағыттар бойынша темір жол жолаушылар тасымал- | Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тәртіпке сәйкес облысаралық қатынастарда жолаушы тасымалдарын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | дарын субси-диялау | | | минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтижесі: Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдауды жүзеге асыру.
Соңғы нәтижесі: Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол көлігімен тасымалдарға қажеттіліктерін қанағаттандыру.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: жолаушы тасымалдаушылардың шығындарын өтеуді және тұрғындардың темір жол көлігімен жүруге қол жеткізуін қамтамасыз ету.
Уақтылығы: жыл бойы.
Сапасы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-I бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережесіне сәйкес жолаушыларға үздіксіз және қауіпсіз қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
164-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Көлік және коммуникация саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 88404 мың теңге (сексен сегіз миллион төрт жүз төрт мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңы ; "Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңы ; " Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру мен іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 сәуірдегі N 566 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001-2008 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29

мамырдағы N 726 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы мемлекеттік көлік саясатының тұжырымдамасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 801 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін дамыту; республиканың көлік магистральдары бойынша транзиттік және экспорт-импорттық тасымалдардың тиімділігін арттыру; автожол және автомобиль саласы қызметінің тиімділігін арттыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізу, халықаралық талаптарға сәйкес автожол және автомобиль саласындағы ұлттық нормативтік-техникалық құжаттарды пысықтау және жетілдіру, Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетінің қазіргі жай-күйін талдау, транзит-көлік әлеуетін дамыту жөнінде негізгі бағыттарды және іс-шараларды әзірлеу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 010 | | Көлік және комму-никация сала-сындағы қолдан-балы ғылыми зерт-теулер | 1. Автожол саласында 8 жаңа тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде:<br>1) автомобиль жолдары-ның көліктік-пайдала-нымдық көрсеткіштері-нің өзгеру заңдылық-тарын зерттеу және оларды пайдалану мерзімдерін негіздеу;<br>2) қатқыл типтегі жол төсемелерін жобалау тұжырымдамасын өзгерту қажеттілігін анықтау | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация минис-трлігі |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | мақсатында олардың күшпен бұзылу жай-күйіне кешенді зерттеу жүргізу;<br>3) Қазақстан Республи-касының автомобиль жолдары жамылғыларын-дағы тозу қабаттарына және беттік майда ке-дір-бұдырлы өңдеулерге зерттеу жүргізу және технологиясын әзірлеу;<br>4) өндіріс қалдықтары мен техногендік өнімді пайдалану арқылы салқын ресайклинг технологиясын қолдану жөнінде зерттеулер жүргізу және ұсыныстар әзірлеу;<br>5) автомобиль жолдары-ның пайдаланымдық ресурстарын арттыру мақсатында жол төсе-мелері жер төсемінің жұмыс қабатының топырақтарын бекіту жөнінде зерттеулер жүргізу және ұсынымдар әзірлеу;<br>6) асфальт-бетон құры-лымының қалыптасуын кешенді зерттеу және жол құрылысында оларды пайдалану жөнінде ұсы-нымдар әзірлеп әртүрлі қоспалармен оларды жетілдірудің жолын іздестіру;<br>7) жалпы пайдаланымда-ғы автомобиль жолдары-ның учаскелерін жол бойындағы қоршаған ортаның ластануына олардың ықпал ету деңгейі бойынша бөлу;<br>8) халықаралық талаптарға сәйкес ҚР автожол саласының нормативтік-техникалық құжаттамаларын жетіл-діру жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізу.<br>2. Транзит әлеуеті | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | саласында 3 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде:<br>жаңа тақырып бойынша:<br>1) ішкі және халықаралық рыноктағы отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жалпы ішкі өнімдегі (ЖІӨ) және бағалардағы көліктік құрамдас бөліктің қалыптасу шарттарын зерттеу және оларды азайту жөнінде шаралар жүйесін әзірлеу;<br>зерттеулер жалғастырылатын тақырыптар бойынша:<br>1) ғылыми зерттеулер нәтижелерін қорыту және көлікті дамыту және СПЕКА бағдарламасының шеңберінде шекараларды кесіп өтуді жеңілдету мен оларды іске асыру мониторингі саласында ұсыныстар әзірлеу;<br>2) Қазақстан Республикасының транзит-көлік әлеуетін дамытудың ғылыми негізін және стратегиялық бағыттарын әзірлеу.<br>3. Автомобиль көлігі саласында 7 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу, соның ішінде:<br>ауыспалы тақырып бойынша:<br>1) Қазақстан Республикасындағы автокөлік құралдарына рыноктық жағдайда пайдалану, техникалық қызмет көрсету, жөндеу және сақтау кезінде қойылатын бірқалыпты техникалық талаптарды зерттеу, негіздеу | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және әзірлеу; жаңа тақырыптар бойынша:<br>1) облысаралық қатынастарда жолаушыларды тасымалдауды диспетчерлік басқару мәселелерін зерттеу және қала маңындағы, қалааралық, облыс ішіндегі және облысаралық қатынастардағы қозғалыс кестесін келісу жүйесін әзірлеу;<br>2) автомобиль көлігін ақпараттандыру мәселесін зерттеу және саладағы басқарудың ақпараттық жүйесін дамыту жолдарын әзірлеу;<br>3) Қазақстан Республикасының АКҚ және автомоторлы отынға қойылатын техникалық талаптар саласындағы халықаралық стандарттарға қосылуы жөніндегі ұсыныстарды әзірлеп, автомобиль көлігінің экологиялық қауіпсіздігін арттыру мәселелерін зерттеу;<br>4) ДСҰ-ға Қазақстанның кіруі жағдайында халықаралық автомобиль тасымалы рыногындағы отандық операторлардың жай-күйін және бәсекелестікке қабілеттілігін күшейту жолдарын зерттеу;<br>5) автовокзалдардың тасымалдаушылармен өзара іс-кимылының құқықтық негізін жетілдіру және жолаушы автомобиль көлігі бойынша вокзал қызметтеріне арналған тарифтерді белгілеу жөніндегі ұсыныстарды зерттеу және әзірлеу;<br>6) автокөлік құралдарына және жанар-жағар май материалдарына | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | экологиялық талаптарды арттыру қажеттілігін зерттеу және Қазақстанда Еуро экологиялық стандарттарын енгізу жөніндегі ұсынымдарды әзірлеу. 4. Мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптаманы жүргізу жөніндегі қызметтерге ақы төлеу. | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтижесі: автожол саласында 8 тақырып бойынша; транзит әлеуеті саласында 3 тақырып бойынша және автомобиль көлігі саласында 7 тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеу жүргізу.
Соңғы нәтижесі: автокөлікпен жолаушыларды және жүктерді тасымалдау келемін 1,5% арттыру; автомобильдерді пайдалану кезінде зиянды газдардың бөлінуін 2010 жылға қарай 3-5 %-ға және 2015 жылға қарай 8-10 %-ға төмендету; халықаралық тасымалдарды орындайтын автокөлікӨқұралдарының санын 5-10 % арттыру; жол жұмыстарының құнын төмендету және автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту және пайдалану сапасын арттыру.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір тақырып бойынша қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүргізудің орташа құны 4911,3 мың теңге.
Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес бір жылдың ішінде.
Сапасы: қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу жолаушыларды және жүктерді тасымалдау сапасын арттыруға ықпал етеді, бұл автомобиль тасымалдарының табыстылығын 3% және пайдалылығын 2% арттыруға және автомобиль санын 3,5% көбейтуге септігін тигізеді. Жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету, автомобиль жолдарының және жасанды құрылыстардың ұзақтығын және сенімділігін арттыру.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
165-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Темір жол саласының стандарттарын әзірлеу"
деген 011 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 27648 мың теңге (жиырма жеті миллион алты жүз қырық сегіз мың теңге) .

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : темір жол көлігі кәсіпорындары көрсететін қызметтер сапасын арттыру үшін жағдай жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : темір жол көлігі саласындағы стандарттау жөніндегі стандарттар мен нормативтік құжаттар кешенін жасау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 011 | | Темір жол саласының стандарттарын әзірлеу | 46 стандартты әзірлеу бойынша қызметтерге ақы төлеу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижесі: темір жол саласының 46 стандарттарын әзірлеу және бекіту.
Соңғы нәтижесі: жүк жөнелтушілерге, жолаушыларға және темір жол көлігі кәсіпорындарының қызметін пайдаланатын басқа пайдаланушыларға қызмет көрсету сапасын жақсарту үшін жағдайлармен қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: бір стандартты әзірлеудің орташа шығыны 601,0 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: жыл бойы.
Сапасы: МемСТ талаптарына сәйкес келеді.

*Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
166-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне әлеуметтік маңызы бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі бағыттардағы темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер" деген 013 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 1107800 мың теңге (бір миллиард бір жүз жеті миллион сегіз жүз мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылы 8 желтоқсандағы Заңы ; "Қазақстан Республикасының темір жол көлігін қайта құрылымдаудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруына байланысты залалдарын субсидиялау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол жолаушы тасымалдарына қажеттіліктерін қанағаттандыру.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша темір жол жолаушылар тасымалын ұйымдастырумен байланысты тасымалдаушылардың шығындарын жабу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 013 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қала-ларының бюджет- | Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджетте-ріне әлеуметтік мәні бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастарды | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | теріне әлеуметтік маңызы бар аудан-аралық (қала-аралық) және ішкі бағыттардағы темір жол жолаушылар тасымалдарын субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер | субсидиялауға арналған ағымдағы мақсатты трансферттерді аудару. | | министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Тікелей нәтижесі: жергілікті атқарушы органдар белгілеген әлеуметтік мәні бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі қатынастар бойынша темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыру.
Соңғы нәтижесі: Қазақстан Республикасы тұрғындарының темір жол жолаушы тасымалдарына қажеттіліктерін қанағаттандыру.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: жолаушы тасымалдаушылардың шығындарын өтеуді және тұрғындардың темір жол көлігімен жүруге қол жеткізуін қамтамасыз ету.
Уақтылығы: жыл бойы.
Сапасы: Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 122-1 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды және жүк багажын тасымалдау ережесіне сәйкес жолаушыларға үздіксіз және қауіпсіз қызмет көрсету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
167-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кемелерін жіктеуді және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету" деген 014 республикалық бюджеттік бағдарламаның **ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 35465 мың теңге (отыз бес миллион төрт жүз алпыс бес мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Ішкі су көлігі туралы " Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі Заңы ; "Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы Заңы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : ішкі суда жүзу кемелерінің және "өзен теңізде" жүзу кемелерінің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Тиесілігі мен меншік түріне қарамастан, ішкі су жолдарында пайдалануға арналған, ішкі суда жүзу кемелерін және "өзен-теңізде " жүзу кемелерін жіктеу және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 014 | | Ішкі суларда жүзетін "өзен-теңіз" кеме-лерін жіктеуді және олардың техни-калық қауіп-сіздігін қамтама-сыз ету | Кемелердің техникалық жай-күйін бақылау және кемелерді жіктеу, куәландыру, техникалық бақылау және эколо-гиялық қауіпсіздігі жөнінде нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін штат саны 22 адам "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесін құру және күтіп-ұстау. "Кеме қатынасы тіркелімі мемлекеттік мекемесі-нің қызмет қамтамасыз ету үшін негізгі құралдарды сатып алу. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : тікелей нәтиже: шамамен 400 бірлік кемелерді жіктеу және куәландыру; Кемелерді жіктеу, куәландыру, техникалық және экологиялық бақылау қауіпсіздігі жөнінде кеме қатынасы тіркелімі ережелерін әзірлеуге техникалық тапсырма дайындау; "Кеме қатынасы тіркелімі" мемлекеттік мекемесін сервермен (1 д.), пайдаланушының жұмыс станцияларымен (20 д.), тасымалды компьютермен (1 д.), принтерлермен (13 д.) , мониторлармен (21 д.), көбейту аппаратымен (1 д.), автокөлікпен (1 д.), кеңселік жиһазбен (22 комплект) қамтамасыз ету.
Соңғы нәтиже: кеме қатынасы процесіне қатысатын кемелердің және басқа да инженерлік құрылыстардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: 1 кемеге жіктеу мен куәландыру жүргізу үшін орташа шығын шамамен 39,3 мың теңгені құрайды;
Кемелерді жіктеу, куәландыру, техникалық бақылау және экологиялық қауіпсіздігі жөнінде кеме қатынасы тіркелімі ережелерін әзірлеуге техникалық тапсырма дайындау жөніндегі орташа шығындар 5674,0 мың теңгені құрайды.
Уақтылығы: белгіленген мерзімде кемелерді, басқа құрылыстар мен объектілерді техникалық куәландыру.
Сапасы: флоттың авариясыз жұмыс істеуі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
168-ҚОСЫМША

**<u>215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі</u>**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Транспорттық деректер базасы және тасымалдар қауіпсіздігі қарқыны мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру" деген 015 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 329441 мың теңге (үш жүз жиырма тоғыз миллион төрт жүз қырық бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 1-бабы , 6-бабы , "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 мамырдағы Заңының 1-бабы , 5-бабы , "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2006 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйектегі N 903 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001

жылғы 27 сәуірдегі N 566 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының халықаралық көлік дәліздерін дамыту тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 21 маусымдағы N 801 қаулысымен мақұлданған Қазақстан Республикасының 2008 жылғы кезеңге дейінгі мемлекеттік көліктік саясатының тұжырымдамасы,, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 желтоқсандағы N 1351 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының транзит-көліктік әлеуетін дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған бағдарламасы, "Экономиканың басым секторларында пилоттық кластерлерді жасау мен дамыту жөніндегі жоспарларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысы , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 маусымдағы N 633 қаулысымен бекітілген "Көліктік логистика" пилоттық кластерін жасау мен дамыту жөніндегі жоспардың 9, 10, 11-тармақтары, Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің 2003 жылғы 16 қазандағы мәжіліс хаттамасы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Мемлекеттік басқару және бақылау органдарын ғылыми және жобалық ұйымдардың, отандық және сыртқы тасымалдаушылардың, және халықаралық ұйымдардың нақты және жедел республиканың транзит-көлік әлеуетін қолдану мен жағдайы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының көліктік инфрақұрылымы объектілері эксплуатациясының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сонымен қатар транзиттік және мемлекет аумағы арқылы өтетін жүктердің (тауарлар) қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Мемлекеттік басқару және бақылау органдарын, ғылыми және жобалау ұйымдарын, отандық және шетелдік тасымалдаушыларды, сондай-ақ халықаралық ұйымдарды республика транзит-көлік әлеуетінің бар болуы, жай-күйі және қолданылуы туралы шынайы және жедел ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының көлік инфрақұрылымы объектілерін қауіпсіз пайдалануды , сондай-ақ мемлекет аумағы арқылы тасымалданатын, соның ішінде транзиттік жүктердің (тауарлардың) қауіпсіздігін қамтамасыз етуді бақылау.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 015 | | Транс-порттық | Техникалық құралдарды сатып алу: Сервер - 3 | жыл бойы | Қазақстан Республи- |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | деректер базасы және тасымалдар қауіпсіздігі қарқыны мониторингінің ақпараттық талдау жүйесін құру | бірлік; компьютер - 102 бірлік; Smart card-қа дерек енгізу құрылымы - 114 бірлік; Спутниктік 2 дауысты каналды VSAT терминалы және деректерді беру каналы - 25 бірлік. Үздіксіз қоректендіру блоктары - 25 бірлік. Cisco маршрутизаторы - 25 бірлік. Құжаттар үшін штрих кодтар сканеры - 114 бірлік. Жазылымдарды оқу құрылымдары - 125 бірлік. Принтерлер - 73 бірлік. POC terminals - 232 бірлік. Smart card-қа арналған принтерлер (+кодтандыру құрылымы) - 41 бірлік. Swish жүйелі коммутаторы - 25 бірлік. Көлік дерекқоры мен тасымалдау қауіпсіздігі динамика мониторингінің ақпараттық жүйелерін енгізу, әзірлеу және дамыту. Процессинг қызметі. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу: DB2 UDB Enterprise Edition - 1 бірлік. OS UNIX - 1 бірлік. Wedshere Studio Site Developer User LIC - 1 бірлік. POS terminal-мен жұмыс істеу үшін SDK - 4 бірлік. Smart card -пен штирх кодтармен, радио белгілермен жұмыс істеу үшін SDK - 4 бірлік. Әкімшілер мен жүйені пайдаланушыларды оқыту - 232 қызметкер. | | касының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: осы дерекқорды пайдалану жоспарланған Қазақстан Республикасының аумағындағы көліктік бақылау посттарында, темір жол көлігінде, су көлігінде, әуе көлігінде

Қазақстан Республикасының аумағындағы транзиттік тасымалдар туралы ақпаратты жинау және өңдеу.
Есептеу техникасын алу: принтер - 73 бірлік; сервер - 4 бірлік; жұмыс станциялары - 102 бірлік; желіаралық қорғау экрандары - 2 бірлік; маршрутизаторлар - 43 бірлік; екі дауыстық арнасы және бір деректер беру арнасы бар спутниктік терминал - 43 бірлік; үздіксіз қоректендіру көздері - 43 бірлік. Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу: DB2 UDB Enterprise Edition - 1 бірлік. Әзірлеушінің қолданбалы бағдарлама пакеті - 1 бірлік. Спутниктік хабтан серверді орналастыру орнына дейін бөлінген желіні орнату. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және дамыту. Жобаны көбейтіп, таратуды енгізу. Әкімшілерді және бағдарламаны пайдаланушыларды оқыту - 232 қызметкер. Процессинг қызметі.
Соңғы нәтиже: Осы қорды министрлікте құру Қазақстан Республикасының аумағындағы 43 өткізу бекеті арқылы автомобиль көлігімен жүзеге асырылатын, көлік кешенінің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыру және мемлекеттік ғылыми-техникалық және инвестициялық саясатты белгілеу жөнінде негізделген басқарушылық шешімдерді қабылдауға қажетті шынайы ақпаратты жедел, on-Line режимінде алуға мүмкіндік береді. Көлік және коммуникация министрлігі Көліктік бақылау комитетінің посттарында автоматтандырылған жұмыс орындарын құру. Каботажды тасымалдарды анықтау.
Қаржы-экономикалық нәтиже:
көліктік бақылау комитеті посттарының жұмысын ұйымдастыруды жетілдіру (бір терезе қағидаты, бақылаудан өту талоны) бақылауды жүргізу уақытын 3 сағаттан 45 минутке дейін қысқартуға қол жеткізеді. Автокөлік құралдарының жүріп өтуін бақылау мен есепке алуды автоматтандыру, "адами факторды" ең аз шамаға келтіру, шекаралық бақылау рәсімін жеңілдету, инфрақұрылымды халықаралық стандарттарға келтіру бақылау жүргізу уақытын 25 минутқа дейін қысқартады. Қазіргі уақытта барлық өткізу бекеттерінен деректерді жинақтау (жинақ, талдап-өңдеу) 10-нан 14 жұмыс күніне дейін созылады. Рәсімдерді толық автоматтандыру ақырғы есептік нысандарды алу уақытын 2-3 күнге қысқартуға әкеледі.
Тасымалдаушыларға қызмет көрсету (бір терезе қағидаты) уақытын қысқарту; есептерді өңдеу уақытын қысқарту.
Уақтылығы: жұмыстарды жүргізу кестесіне сәйкес және жасасқан шарттарға сай.
Сапасы: көлік дәліздерінің жүктелуі туралы жедел ақпаратты алу, автотасымалдаушыларға қызмет көрсетудің сапасын жақсарту. Каботажды тасымалдарды 50%-ға жою. Салмақтық жүктемеге 50% автоматтандырылған бақылау жасау.
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы

N 1235 қаулысына
169-ҚОСЫМША
**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі
2006 жылға арналған
"Жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарын орындаудың сапасын қамтамасыз ету"
деген 016 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

1. **Құны** : 167192 мың теңге (бір жүз алпыс жеті миллион бір жүз тоқсан екі мың теңге).

2. **Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 17-бабы ; "Жол саласының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 14 қазандағы N 1527 қаулысы .

3. **Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

4. **Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының орындалу сапасын қамтамасыз ету, қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылау.

5. **Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу жөніндегі орындалған жұмыстардың және қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылауды жүзеге асыру.

6. **Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 016 | | Жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарын орындаудың сапасын қамтамасыз ету | Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу, қайта жаңарту, күрделі, орташа, ағымдағы жөндеу жөніндегі орындалатын жұмыстардың және қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын бақылауды жүзеге асыру үшін штат саны 112 адам жол-құрылыс | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | және жөндеу жұмыста-рының орындалу сапасы жөніндегі мемлекеттік мекеме құру және ұстау. Жеткізу шарттарына сәйкес конкурстық негізде мемлекеттік мекемені ұстауға, жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының орындалу және қолданылатын материалдардың сапасы жөніндегі жол зертха-наларын тексеруге, ат-тестатаудан өткізуге, құрастыруға, жұмысқа дайындауға арналған шығындар, арнайы автокөлік құралдарын, химикаттарды, сынауық-тарды, қосалқы және жинақтауыш бөлшектер-ді, ұйымдастыру ісі техникасын, компьютерлерді, жиһазды сатып алу. | | минис-трлігі |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтижесі: ұзақтығы 131 км қайта жаңартылған учаскелерді және ұзақтығы 2210 км жөндеу жұмыстарын, сондай-ақ ауыспалы жобалар бойынша қайта жаңартылған учаскелерді пайдалануға енгізуге арналған жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының және қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын қамтамасыз ету.

Соңғы нәтижесі: жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасын, сондай-ақ қолданылатын жол-құрылыс материалдарының сапасын арттыру арқылы автомобиль жолдары қызметінің нормативтік мерзімін қамтамасыз ету.

Қаржы-экономикалық тиімділігі: республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 1 км сапасын бақылауды жүргізу үшін шығындар орташа есеппен 7270 теңгені құрайды.

Уақтылығы: жасалған шарттарға сәйкес белгіленген мерзімде орындалудағы жол-құрылыс және жөндеу жұмыстарының сапасын ұдайы бақылау.

Сапасы: құрылыс нормаларына және ережелеріне (ҚНжЕ) сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
169-1-қосымша

*Ескерту. Қаулы 169-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Алматыметроқұрылысы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту"
018 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны:** 2500000 мың теңге (екі миллиард бес жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:** "Алматы қаласын дамытудың 2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1019 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері:** республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты:** көліктік инфрақұрылымды дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері:** "Алматыметроқұрылысы" АҚ Алматы қаласындағы метрополитен құрылысы үшін кенүңгілеу жабдығымен қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары:**

| №N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламаның атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 018 | | "Алматыметроқұрылысы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту | Алматы қаласындағы метрополитен құрылысы үшін кенүңгілеу жабдығын сатып алу үшін "Алматыметроқұрылысы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайту. | 2-4 тоқсан | Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындауда күтілетін нәтижелер:**

Тікелей нәтиже: Алматы қаласындағы метрополитен құрылысы үшін кенуңгілеу жабдығын сатып алу

Соңғы нәтиже: Алматы қаласының көліктік инфрақұрылымын дамыту;

Уақытылығы: техниканы сатып алу жоспарына сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
170-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
"Жүйелі ішкі авиатасымалдарды субсидиялау"
деген 019 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 600000 мың теңге (алты жүз миллион теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Қазақстан Республикасындағы көлік туралы" Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі Заңының 9-бабы ; "Азаматтық авиацияны мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 7-бабы ; " Авиабағыттарға субсидияларды жұмсау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 17 тамыздағы N 915 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен және ірі қалалармен әуе бойынша қосу, орташа статистикалық тұтынушылар үшін әлеуметтік маңызы бар рейстер бойынша авиакөлік қызметтеріне қол жеткізілімдігін қамтамасыз ету.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : орташа статистикалық тұтынушы үшін жүйелі ішкі авиатасымалдарға авиакөлік қызметтеріне қол жеткізілімдігін субсидиялау көлемін кезең-кезеңмен төмендетуге бағытталған икемді тариф жүйесін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 019 | | Жүйелі ішкі ав-иатасы-малдарды субси-диялау | Қазақстан Республика-сының Үкіметі бекіт-кен Ережелерге сәйкес ішкі авиабағыттар бойынша жүйелі авиатасымалдарды субсидиялау: Астана-Тараз-Астана; Астана-Семей-Астана; | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Астана-Жезқазған-Астана; Астана-Петропавл-Астана; Астана-Қостанай-Астана; Астана-Өскемен-Астана; Астана-Павлодар-Астана; Астана-Талдықорған-Астана; Астана-Қызылорда-Астана. | | минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтижесі: Қазақстан Республикасының елордасы Астана қаласын Қазақстанның облыс орталықтарымен және ірі қалаларымен қосатын 9 авиабағыт бойынша авиакөлік қызметтерін қамтамасыз ету.

Соңғы нәтижесі: ішкі бағдарғыларда тұрақты жолаушылар ағынын қамтамасыз ету және орташа өлшенген жолаушылар тиелімін 59% дейін ұлғайту, соның ішінде:

Астана-Тараз-Астана - 72%
Астана-Семей-Астана - 56%
Астана-Жезқазған-Астана - 28%
Астана-Петропавл-Астана - 30%
АсТана-Қостанай-Астана - 64%
Астана-Өскемен -Астана - 80%
Астана-Павлодар-Астана - 30%
Астана-Талдықорған-Астана - 50%
Астана-Қызыл-Орда-Астана - 84%.

Қаржы-экономикалық тиімділік: жоспарлы жүктеме есебінен бір авиабағытқа субсидияның орташа жылдық көлемі 66,0 млн. теңгені құрайды.

Уақтылығы: уәкілетті органдар бекіткен кестеге сәйкес тұрақты рейстерді 9 авиабағыт бойынша жүзеге асыру.

Сапасы: жолаушыларға қызмет көрсету ережесіне сәйкес сапалы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
171-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Су көлігі инфрақұрылымын дамыту" деген 020 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 160690 мың теңге (бір жүз алпыс миллион алты жүз тоқсан мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 1095 Жарлығы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : теңіз және ішкі су көлігі кемелеріне қауіпсіз және үздіксіз қызмет көрсету үшін қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін су көлігі инфрақұрылымын дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : су көлігін дамыту және функциялауды қолайлы жағдайлармен қамтамасыз ету, сондай-ақ Каспий теңізі Түпқараған шығанағының жағалау айдынында экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 020 | | Су көлігі инфрақұрылымын дамыту | "Маңғыстау облысы Түпқараған шығанағында кемелер қозғалысын басқару жүйесін құру" жобасын бекітілген техникo-экономикалық дәйектемеге сәйкес (2005 жылғы 16 мамырдағы N 164-I ТЭД жобасына экономикалық зерттеу бұйрығы) іске асыру. | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** : Тікелей нәтиже: Маңғыстау облысы Түпқараған шығанағында кемелер қозғалысын басқару жүйесін құру бойынша жұмыс көлемін орындау:
жалпы ауданы 153,76 шаршы метр навигациялық мұнараны;
жалпы ауданы 28,8 шаршы метр ҚҚБЖ ОБ контейнерін;
жалпы ауданы 15,14 шаршы метр АДЭС контейнерлік модулін;
жалпы ауданы 2,25 шаршы метр метеостанция мачтасын;
жалпы ауданы 2,25 шаршы метр толқын өлшеуішті салу.

Соңғы нәтиже: су көлігі инфрақұрылымын дамыту үшін объектілерді пайдалануға беру .

Уақтылығы: жұмыс өндірісі кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес. Сапасы: құрылыс нормалары және ережелеріне сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
172-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Ұшқыштарды бастапқы даярлауды қамтамасыз ету" деген 021 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

*Ескерту. 172-қосымша алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
173-ҚОСЫМША

**215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне көлік инфрақұрылымын дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген 028 республикалық бюджеттік бағдарламаның

**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 37586777 мың теңге (отыз жеті миллиард бес жүз сексен алты миллион жеті жүз жетпіс жеті мың теңге).

*Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *қаулысымен.*

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Жапонияның Халықаралық Экономикалық Ынтымақтастық Қоры мен Қазақстан Республикасы арасындағы Ертіс өзеніне салынатын көпір құрылысының жобасы бойынша Қарыз туралы 1997 жылғы 12 наурыздағы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 мамырдағы Заңы ; "Алматы қаласын дамытудың

2003-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 ақпандағы N 1019 Жарлығы ; "Ертіс өзеніне салынатын көпірдің жобасын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 4 тамыздағы N 1212 қаулысы ; "Астана қаласының инженерлік инфрақұрылымын және жолдарын 2010 жылға дейін дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1190 қаулысы .

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты .

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : қазіргі заманғы талаптарға жауап беретін автомобиль жолдарын қалпына келтіру және дамыту.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : көлік құралдарының қауіпсіз және үздіксіз жүруін қамтамасыз ету.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағ-дар-лама коды | Кіші бағ-дар-лама коды | Кіші бағдар-лама-лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орын-даушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 028 | | Облыстық бюджет-терге, Астана және Алматы қалала-рының бюджет-теріне көлік инфрақұ-рылымын дамытуға беріле-тін нысаналы даму транс-ферттері | Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес мынадай іс-шаралар бойынша "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республика-сы Үкіметінің N 1228 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес сома шегінде автомобиль жолдарын дамытуға бағытталған мақсатты трансферт-терді аудару:<br>Астана қаласында жаңа әкімшілік орталығында автомобиль жолдарын салу;<br>Астана қаласында А. Иманов және Л.Гумилев көшелері ауданындағы көлік айырымын салу (ТЭН-ге 2005 жылғы 29 қыркүйектегі N 2-693/05 мемлекеттік | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Көлік және ком-муникация минис-трлігі, облыс, Астана және Алматы қалалары әкімдері |

сараптаманың қорытындысы);
Астана қаласында N 13 көшеден N 12 көшеге дейінгі учаскеде Манас көшесін салу;
Астана қаласында N 12 көшеден N 19 көшеге дейін Манас көшесінің учаскесін салу;
Астана қаласында Республика даңғылы мен Бараев көшесінің қиылысында көлік айырымын салу;
Астана қаласындағы N 12 көше мен Гастелло көшесінің қиылысында көлік айырымын салу (2005 жылғы 2 маусымдағы N 7-295/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы);
Астана қаласында Сарыарқа көшесі учаскесінде солтүстік айналма жолындағы көлік айырымына дейін 3 учаске - эстакаданың басынан Угольная көшесімен қиылыстағы екі деңгейлі көлік айырымының соңына дейін Бөгенбай даңғылын жаңарту;
Астана қаласында Есіл өзені арқылы өтетін К-1 автожол көпірімен Сол жағалаудың орталығы - Абылай хан даңғылы магистральды автожолын (N 12, N 13 көшелерінің магистральды автожолы) салу;

Астана қаласында N 4 көшеден N 23 көшеге дейін Сарыарқа көше-сінің учаскесін салу;
Астана қаласында М-2 жаңа көпірді салу (2005 жылғы 24 маусымдағы N 2-368/05 мемлекеттік сарапта-маның қорытындысы);
Алматы қаласында Сайын көшесі мен Райымбек даңғылының қиылысында көлік айырымын салу (2004 жылғы 15 қазандағы N 7-452/2004 мемлекет-тік сараптаманың

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорытындысы); Алматы қаласында Сейфуллин және Жансүгіров көшесі мен Рысқұлов даңғылының қиылысында көлік айырымын салу (2005 жылғы 4 қарашадағы N 7-563/05 мемлекеттік сараптаманың қорытындысы); Алматы қаласында Рысқұлов даңғылы мен Бөкейханов көшесінің қиылысында көлік айырымын салу (ТЭН-ге 2005 жылғы 15 қараша-дағы N 7-575/05 мем-лекеттік сараптаманың қорытындысы); Алматы қаласында Рысқұлов даңғылы мен Кудерин көшесінің қиылысында көлік айырымын салу (ТЭН-ге 2005 жылғы 10 қараша-дағы N 7-569/05 мем-лекеттік сараптаманың қорытындысы); Алматы қаласында мет-рополитеннің бірінші кезегін салу, соның ішінде: құрылыс үшін жабдықтарды сатып алу (2004 жылғы 5 ақпан-дағы N 7-3/04; 2004 жылғы 31 желтоқсанда-ғы N 7-588/2004 мем-лекеттік сараптаманың қорытындысы); Алматы қаласында шағын құрылыстардың ықшам аудандарында автомобиль жолдарын салу (2005 жылғы 2 маусымдағы N 7-294/05; 2005 жылғы 3 маусымдағы N 7-300/05; 2005 жылғы 23 мамырдағы N 7-261/05; 2005 жылғы 3 маусымдағы N 7-301/05 мемлекеттік сараптамалардың | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | қорытындысы); Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін көпір салу; Астана қаласында К-3 жаңа көпірін салу ( инвестицияларды негіздеу жөніндегі мемлекеттік сараптаманың 2004 жылғы 25 желтоқсандағы N 2-721/04 қорытындысы); Астана қаласында автожол көпірімен (2 ДУ 800 магистральды жылу трассасы) Сол жағалаудың орталығы - Абылай хан даңғылы магистральды автожолын салу ( жұмысшы жобасына арналған мемлекеттік сараптаманың 2003 жылғы 22 мамырдағы N 2-237/03 қорытындысы); Астана қаласында әуежайдан N 19 көшеге дейін Гастелло көшесін салу; Астана қаласындағы Есіл өзенінің жағалауындағы көшенің құрылысы (2006 жылғы 16 қазандағы N 2-548/06 мемлекеттік сараптама қорытындысы) | | |

*Ескерту. 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.31.* N 470б *, 2006.11.22. N* 1103 *қаулыларымен.*

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :

Тікелей нәтижесі: 26 км пайдалануға енгізумен жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында жол-құрылыс жұмыстарын жүргізу, Алматы қаласында метрополитен құрылысының бірінші кезегін салу бойынша орындалған жұмыстар көлемі, Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласында Ертіс өзені арқылы өтетін көпір құрылысы бойынша міндеттемелерді толық өтеу.

Соңғы нәтижесі: автомобиль жолдарының желісін дамыту үшін объектілерді пайдалануға енгізу.

Уақтылығы: жұмыстарды жүргізу кестесіне және жасалған шарттарға сәйкес.

Сапасы: құрылыс нормалары мен ережелеріне (ҚНжЕ) сәйкес.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2005 жылғы 12 желтоқсандағы
N 1235 қаулысына
174-ҚОСЫМША

**<u>215 - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі</u>**

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

2006 жылға арналған
""Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын ұстау" деген 030 республикалық бюджеттік бағдарламаның
**ПАСПОРТЫ**

**1. Құны** : 253521 мың теңге (екі жүз елу үш миллион бес жүз жиырма бір мың теңге).

**2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі** : "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын республикалық меншікке берудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 29 қарашадағы N 1202 қаулысы.

**3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері** : республикалық бюджеттің қаражаты.

**4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты** : "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешенінің (бұдан әрі - Ғимарат) жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілер үшін қажетті еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасау.

**5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері** : Ғимаратқа техникалық және шаруашылық қызмет көрсету, санитарлық өңдеу, суықпен-жылумен, ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйесінің профилактикалық жұмыстарын жүргізу, үкіметтік байланыс кабелін жүргізу.

**6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары** :

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 030 | | "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын ұстау | Ауданы 32294 шаршы метр Ғимаратты, соның ішінде: электртехника жабдығына, инженерлік желілер мен коммуникацияларға, тартып-шығарып желдету жүйесіне, өрт қауіпсіздігіне, өрт белгісін беру және түтінді жою жүйесіне, лифттердің жұмысына, сыртқы және ішкі желілері бар автоматтандырылған телефон станциясына техникалық қызмет көрсету және жөндеу. Сыртқы инженерлік желілерге қызмет көрсету. Суықпен-жылумен, ыстық және суық сумен қамтамасыз ету жүйесінің профилактикалық жұмыстарын жүргізу - | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2, 3 тоқсан. Ғимараттың ішкі үй-жайларын және қасбетін, сондай-ақ оған жапсарлас аумақты таза ұстау. Ғимаратты санитарлық өңдеу. Көгалдандыру және абаттандыру. Үкіметтік байланыс кабелін жүргізу. Терезелерді және витраждарды жуу. Ғимараттың, кіргізу жүйелерінің, бейнебақылау, мәжіліс залында дыбысты күшейту жүйелерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті басқа да жұмыстар. Көрсетілген жүйелерді қосалқы бөлшектермен және шығыс материалдарымен қамтамасыз ету. Ғимаратты күтіп ұстау жөніндегі жабдықтаушы функцияларын орындау, ғимаратқа шаруашылық қызметтің көрсетілуін қамтамасыз ету, ғимаратты сақтандыру. | | минис-трлігі |

**7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер** :
Мемлекеттік қызметтерді пайдаланушылар: мемлекеттік қызметшілер.
Тікелей нәтижесі: ауданы 32294 ш.м. "Transport tower" ғимараттың күтіп ұстау, ғимараттың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ету: мемлекеттік қызметшілер үшін қажетті әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау мақсатында ғимаратқа профилактикалық, жөндеу жұмыстарын, инженерлік, санитарлық жұмыстарды, көгалдандыру мен абаттандыруды уақтылы жүргізу.
Соңғы нәтижесі: Ғимараттың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілер үшін қалыпты еңбек және әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау.
Қаржы-экономикалық тиімділігі: 1 шаршы метрге жұмсалатын орташа шығын 7850 теңгені құрайды.
Уақтылығы: жыл бойы.
Сапасы: техникалық нормаларға сәйкес.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК